

УДК 37. 035: 6

*Ахметбекова, С.,
тарих және өнер факультеті,
«Музыкалық білім» мамандығының
3 курс студенті, ҚМПИ
Хамзина, К.Б.,
педагогикалық ғылымдар магистрі,
аға оқытушы, ҚМПИ,
Қостанай қ., Қазақстан*

МУЗЫКА ПӘНІНІҢ ХАЛЫҚТЫҚ ТӘРБИЕ БЕРУДЕГІ РОЛІ

Түйіні

Мақалада музыка пәнінің халықтық тәрбие берудегі рөлі жайлы баяндалады. Қазіргі таңда оқу орындарында өнердің басты бір мақсаты – ол адам баласының барлық әрекетіндегі өнер арқылы патриоттық сезімталдыққа жастарды тәрбиелеу керектігі қарастырылады.

Мақаланың мәнін ашатын сөздер: музыка, өнер, ұлттық тәрбие, патриоттық сезім.

Туғанда дүние есігін ашады өлең,
Өлеңмен жер қойнына кірер денең,
Өмірдегі қызығың бәрі өлеңмен,
Ойлансаңшы, бос қақпай елең-селең.
Абай.

Оқу-тәрбие жұмысында ұлттық мектептің негізгі ерекшеліктері оқушыларды өз халқының ғасырлар бойы қол жеткізген табыстарына ұмтылуға тәрбиелеу, ұрпақты ата-баба салт-дәстүрімен, әдет-ғұрпымен қайтадан табыстыру.

Музыка өнері әрбір оқушының әсемдік әлеміне үйірсек болып қана қоймай, оны қорғауға және рухани мәдени деңгейін көтеруге жағдай жасайды. Сол себепті әрбір қоғам мүшесін өнерпаздыққа тарту қоғамның объективті қажеттілігі және заңдылығы болуы керек. Білім беру саласында оқушылардың эстетикалық, этикалық және адамгершілік нормаларын меңгерту міндетін жүзеге асыруда музыка пәнінің орны ерекше. Музыка тәрбиесі жастарды өнер құндылықтарын жасауға қатыстыра отырып, олардың бойында белгілі адамгершілік-эстетикалық мәдениетті, көркемдік талғамды, шығармашылық қабілетті дамытады. Тәрбиедегі басты мақсат: қоғам мүшелерін әлеуметтендіру болатын, яғни өнер адамның тек қана рухани өмірінің құрамдас бөлігі болып қоймай, әлеуметтендірудің аса пәрменді құралы болып табылады.

Өнер арқылы адам өзінің шын мәніндегі өз ішкі көңіл-күйін білдіреді. Олай болса, қазіргі таңда оқу орындарында өнердің басты бір мақсаты – ол адам баласының барлық әрекетіндегі өнер арқылы патриоттық сезімталдыққа жастарды тәрбиелеу.

Әуенді сөзбен жеткізу мүмкін емес, оны тек музыканы жан дүниесімен түсінетін адам ғана әуен ырғағымен қабылдайды. Өйткені «музыка-жүрек тілі», яғни сезім, қобалжу, көңіл-күйдің тілі деп ұққан жөн.

Жалпы білім беретін мектептегі тәрбие салаларының бірі – музыкалық тәрбие. Оқушылардың өнерге құштарлығы мен қабілетін дамытуда музыкалық тәрбиенің жүйелі жолға қойылып, дұрыс ұйымдастыруының маңызы айырықша. Өнерде тәрбие құралдары (музыка-дыбыс, суретте-баяу, әдебиетте-сөз) жасалған көркем бейне арқылы оқушылардың кеңейтіп, өмір шындығын, әсемдікті сезіне білу қабілетін дамытуға жағдай жасайды.

Музыка пәнінің негізгі мақсаты шәкіртке ұлттық өнердің құндылығын таныту. Оқушыларды музыкалық-эстетикалық тұрғыдан тәрбиелеу оларды көркем шығармашылық,

элеуметтік маңызды және қоршаған әлемді игеруге, тануға бағытталған істерге тарту арқылы өткізу керек. Тек өнер ғана адамның шындыққа тарихи қалыптасқан эстетикалық қарым-қатынас тәжірибесін ашады, қорытындылайды. Бұл музыка-эстетикалық тәрбие беруде ешнәрсемен алмастыруға болмайды. Өнердің эстетикалық тәрбие беруге қатысуы, оның міндетті қызметтерінің бірі болып табылады.

Әр халықтың эстетикалық дүние танымы, көркемдік өзіне тән өнер туындыларымен ерекшеленетіні өмір шындығы. Ұрпақ тәрбиесінде, туған халқымыздың ұлттық өнерін, оның нәзік те көркем сырын ұғындыру мектепке дейінгі тәрбиеде баланы әсемдікті сүйсіне білуге баулу құралы екені сөзсіз. Сондықтан, мектепте өнерге деген қызығушылықты қалыптастыруда халық өнері мен мәдениетінің сан-алуан түрлері жайында қарапайым түсініктер беру көзделеді.

Ұлттық өнерге оқушыларды жастайынан баулу олардың адамгершілік, эстетикалық қасиеттерін дұрыс қалыптасуына, мәдени дәстүрге деген сыйластық сезімін дамытуға әсерін тигізіп, оқу-тәрбие үрдісінің сапасын арттырады. Оқушылардың әсемдікті түсіне білу қабілеттерін арттырады.

Ұлы Абай өмір шындығын дәл бейнелеу жөнінде поэзия мен музыканың рөлін былайша суреттеді: әсемдік сыры, биік мұратталғандары, көркем шарттары, шығармадағы дарындылық пен шеберлік ән мен күйді орындаудағы дәстүрлер, т. б. мәселелерді көтере келіп, эстетикалық сезімдердің дамытудың нақты жолдарын қарастырды. Абайдың түсінігінше, баланы жастайынан көркемдікке баулуды үлкендер неғұрлым ертерек ойластыруы қажет, өйткені бесіктегі нәрестенің өзі ананың әлдіі, құлағына жеткен ән-күйдің әуезді үні арқылы сұлулық пен көркемдіктен хабардар болып жатады.

Осы орайда бесік жыры оқушылардың эстетикалық мәдениетін қалыптастырудың алғашқы сатысы болып табылады.

Бүгінгі таңда, мектепте жас ұрпаққа көркемдік білім мен тәрбие беру жүйесінде көркем әдебиет, музыка өнері, бейнелеу өнері, ұлттық қолөнер сияқты эстетикалық мәндегі пәндер арқылы оның ішінде, халықтық дәстүрлі өнерін игерте отырып, оқушының бойындағы әсемдікті қабылдау, сезіну, өнер шығармаларын әсемдік заңдылықтарына сәйкес бағалай білу қабілеттерін, көркемдік талғам деңгейінде қалыптастыру қажеттігі маңызды мәселенің бірі. Музыкалық тәрбие өмірдегі, табиғат пен өнердің әсемдікті қабылдап, бағалауға және түсінуге қабілетті адамды пәрменді түрде қалыптастырудың нысаналы жүйесі.

Әл-Фараби өзінің «Музыка туралы үлкен трактатында» музыка ғылымының мәселелерін зерттейді (музыкалық дыбыстардың құрылысынан музыка мен поэзияның байланысына дейін). Музыканың жақсы жақтары мен оның тәрбиелік мәнін жан-жақты ашып көрсетеді. Музыканың әр түрлі жанрын жетілдіруде пайда болатын адам дарындылығының дәрежелерін талдайды. Элеуметтік өмірдің шындығына тән кереметтілік тұрмыстық құбылыстардың шындығын көрсете білуде екенін дәлелдейді. Қазақстан мәдениетінің бірінші өзіне тән ерекшелігі халықтың қолданбалы өнерде, той-думандарда, қолөнер кәсіпшілігіне және т.б. өз көрінісін тапты.

Музыкалық тәрбие – эстетикалық тәрбие көзі. Музыка-адамның өмір бойы серігі. Музыканы жат көретін адамдарда бола қоймас, ол әркімге де керек дүние. Музыка тіліне әрбір тыңдаушы қанығады. Мектеп оқушыларына музыкалы-эстетикалық тәрбие беруде, сонымен қатар олардың музыкалық қабілетін арттыруда ән айту мен оны ұйымдастыру жұмысын дұрыс жолға қоя білу аса маңызды.

Мектепте музыкалық тәрбие берудің басты міндеті – оқушыларды музыканы дұрыс тыңдап, түсінуге және оны әсерлі орындай білуге баулу. Орындаушылық шеберлікті шыңдау ән-хор дағдыларын жүйелі түрде жолға қоя білумен тығыз байланысты. Сабақта ән салу дағдыларын негізінен жаттығулар айтқандай үйренеміз де, ал ән үйрену кезінде оларды пысықтап қайталау арқылы есте қалдыруды көздейміз. Мектепте барлық пәндер сияқты, музыка пәні де оқушыларды азаматтық рухта тәрбиелеп, олардың дүниетанымын дамытып, ой-өрісін кеңейтуді, сонымен қатар музыка саласында білімін жетілдіруді мақсат етеді. Алайда

музыка жай пән емес, өнер пәні болғандықтан оның өзіндік ерекшеліктері және атқаратын міндеттері өте көп. Атап айтқанда оқушылардың дүниетанымы, өмірге деген көз қарасы, музыкалық шығармаларды тыңдау немесе орындау кезінде алған әсерлену сезімі деген ұғым әр сабақтың ең өзекті мәселесі болып отыруы шарт. Олай болса, оқытушының сабақта қолданылған барлық әдістері осы түйінді мәселені ашуға бағытталуы тиіс. Ал ән айту, музыка тыңдау дағдыларын үйрену музыканың сұлулығын, әсем сазын терең түсініп, одан эстетикалық әсер, нәр алу жолдарын жеңілдетеді.

Қазіргі кезде жалпы білім беретін мектептердің оқулықтарының тәжірибесіне, әдет-ғұрыптарына, салт-дәстүріне, рухани қазынасына, саяси-әлеуметтік, экономикалық ерекшеліктеріне ыңғайланып жасалуда. Бұны біз ұрпақтарымызға, қасиеттерімізді сіңірудің қажеттілігінен туындаған жағдай деп түсінуіміз керек. Яғни, ұрпағымызға ұлттық тәрбие беру қажет. М. Жұмабаев бұл мәселе жөнінде былай деп ой түйеді: «Әрбір ұлттың балаға тәрбие беру туралы ескіден келе жатқан жеке-жеке жылдары бар. Ұлт тәрбиесі баяғыдан бері сыналып, көп қолданылып келе жатқан болғандықтан, әрбір тәрбиеші, сөз жоқ ұлт тәрбиесімен таныс болуға тиісті. Және әрбір ұлттың баласы өз ұлтының арасында, өз ұлты үшін қызмет атқаратын болғандықтан, тәрбиеленетін баланы сол ұлттық тәрбиесімен тәрбиелеуге міндетті».

Қазақ мәдениетіндегі маңызды салаларының бірі-музыка. Музыка – ой мен сезім бірлігі арқылы әлемнің тұтастай көрінісін жасайтын адам әрекетінің бір түрі. Халық өз салты мен дәстүрін, мәдениетін қазірге дейін жеткізе білген. Осы ғасырлар бойы жиған-тергенін асыл рухани қазыныларын, жас ұрпақтың бойына сіңіріп, дүниетанымын қалыптастыруда музыкалық өнер арқылы тәрбиелеу өзекті мәселелердің бірі. Музыканы сүйген қауым адам баласына тән ізгі қасиетті, шынайы достық пен махабатты, әсем мінез-қылықты қастерлейді. Қазақтың әні мен күйін естіп өскен адамды биік мұраттарға жетелейді. Оның көп жақты сырын игеру, түсіну, қабылдау тым ерте, яғни сәби шағынан басталуы тиіс. Сонау Эллада дәуірінде ақылмен Аристотель адамның жан-жақты мәдени және рухани дамуына ерекше мән беріп, әсіресе, өнер, соның ішінде музыка адамдарды тәрбиелеудің негізгі құралы деп таныған.

«Біз қазір музыка саласында өзіміздің халқымыздың дәстүрінен, дүниежүзілік классикалық үлгіден айырылмай, ілгерілей беруіміз қажет, – дейді ғалымдар Ә. Нысанбаев пен Т. Әбжановтар, – өйткені музыка халқымыздың адамгершілік пен парасаттылық қасиетке жетудің жолы дейді». Өте тура да әділ айтылған пікір. Ендеше осы халқымыздың дәстүріндегі әсем ән мен тәтті күйіміз, бізді адамгершілік пен парасаттылыққа жетелейтін жол. Осы бір аса бай рухани қазыналардың бүгінгі таңда жастарға тәрбие берудегі ролі де айырықша. Сол үшін де өнер сүйген қауым тәтті ізгі қасиетті қастерлейді.

Әл-Фараби бабамыз музыканың адам психологиясына әсері жөнінде: «Музыка денені шынықтыратын гимнастика тәріздес, ол адамның жанын жетілдіреді. Алдымен ләззатқа бөлейді, одан соң құмарлықты оятады, қиялға жетелейді», – деп пікір айтқан. Ал ұлы грек ойшылы Платон: «Музыка – адам жан дүниесін еріксіз еліктіріп, тұрмыс-тіршіліктің қандайда болсын мұң-заласын ұмыттыратын қасиетті күш», – деп, ой түйіндеген. Халқымыздың бірнеше ғасырлар көлемінде жинақталып қалыптасқан бай музыкалық фольклоры бар. Атап айтар болсақ: тарихи әуендер, эпикалық жырлар, тұрмыс-салт жырлары, лирикалық әндер т.б. Міне, осы фольклорымызбен-ақ ұлттық-тәрбиелімізді, болмысымызды қалыптастыратын тәлім-тәрбие беріп отырған тарихи шындық.

Ата-бабаларымыз ғасырлар бойы армандаған тәуелсіздікке қолы жеткен еліміздің білім, тәрбие беру ісіндегі басты мақсат-рухани жан дүниесі биік, жеке тұлға қалыптастыру. Ал тұлғаны музыкаға тәрбиелеу дегеніміз-ол баланың бойында белгілі бір қызығушылықты ояту, қажетті құндылық бағдарын, соның ішінде пайдалы іс-әрекеттерді қалыптастыру, дарындылық көзін ашу деген сөз.

Қорыта келе сынып оқушыларын тәрбиелеу үрдісінде, музыка өнері арқылы музыкалық мәдениеттілікке баулу, музыкалық жалпы білімдерін қалыптастыру мен тәрбиелеу, қазіргі музыкалық білім беру саласының өзекті бағыты болып табылады.

Мектеп оқушыларының алғашқы музыкалық білімі төменгі сынып оқушыларында қалыптасады. Музыка сабағының талапқа сай өткізілуінің арқасында, еліміздегі мектептерде төменгі сынып оқушыларының музыкалық тәрбиесі кешенді түрде жүргізілетінін зерттеу жұмыстары арқылы анықталған.

Қазіргі кезде музыка сабақтарының іс – әрекеттер негізінде төменгі сынып оқушылары жалпы музыкалық мәдениеттілікке, ән орындау мәдениетіне, музыкалық шығарманы тыңдау мәдениетіне тәрбиеленеді. Бұл кешенді үрдісті ғылыми – әдістемелік тұрғыда, дұрыс жүргізіп, оқушыларға сауатты музыкалық білім беретін музыка пәні маманы болып табылады.

Музыка сабақтарындағы музыкалық іс-әрекеттері бір-бірімен тығыз байланыстыра білгенде ғана, оқушылардың музыкалық материалды игеру мүмкіндігі арта түседі. Музыка тілі-басқа өнер саласымен салыстырғанда күрделі тіл екендігін мектептегі музыка сабағында түсіндіре білу қажет. Нәтижесінде музыка ойды, мақсатты, көңіл күйді көтереді. Негізгі музыкалық іс – әрекеттер ән орындау мен музыкалық шығарманы тыңдату арқылы оқушыға музыкалық тәрбие беру үрдісі зерттеліп, әдістемелік тұжырымдамалар жасалынады.

Сынып оқушыларының музыка сабақтарын әдістемелік тұрғыда өткізу арқылы, мектеп оқушыларын музыкаға тәрбиелеу үрдісі Жаңа заманның, жаңа оқушысын ұлттық музыка мәдениетін меңгерген, әлемдік музыка өнері туралы музыкалық білімі қалыптасқан жеке тұлға етіп тәрбиелеу жүйесін қалыптастырады.

Осы жерде, халықтың мәдени дәстүрлері – адамдарды оқыту мен тәрбиелеу саласындағы тарихи түрде қалыптасқан тәжірибесі ретінде адамгершілігі жоғары ұрпақты қалыптастыруға бағытталғанын айта кету орынды деп ойлаймын. Ойымызды қорытындылайтын болсақ, оқушыларға көркем-эстетикалық тәрбие беру халықтың мәдени дәстүрлеріне негізделуі тиіс. Ол дәстүрлердің тәрбиелік мүмкіндігі зор, ұлттық және әлемдік мәдениет жүйесіне бейімделуге қабілетті, «ұлттықтан жалпы адамзаттыққа» деген диалектикалық мәнді түсінуге бағдарланған этномәдениет субъектісін қалыптастыру үрдісіне барынша ықпал етеді.

Мектепте музыка сабағы оқушыларды әсемдік әлемінің таңғажайып сырын терең түсініп, көркемдік атаулыны шынайы сезінуге, одан рухани ләззат, әсер алуға, өмір жайлы ой толғауға, ізгілікті мұрат – мақсаттарға жетелеп, өнегелі істерге баулиды. Осы маңызды міндеттерді орындау үшін баланың бойындағы қабілетті дамыту керек. Ал жалпы музыкалық қабілетті дамыту үшін музыка пәнінің мұғалімі «сегіз қырлы, бір сырлы» болуы қажет. Ол – әнші, музыкант ғана емес ғылымның әр саласынан хабардар болғанда ғана, бүгінгі күн талабына сай ұстаз бола алады.

Әдебиет тізімі

Омарғазина, Б.Т. Өнер тәрбиелейді [Мәтін] / Б.Т. Омарғазина. – А.: [ж. б.], 2008.

Сулейменова, Р.Г. Музыка пәнін оқыту әдістемесі (бастауыш сыныптарға арналған) [Мәтін]: оқу-әдіст. құрал. / Р.Г. Сулейменова, Г. Жұмалиева. – Астана: Фолиант, 2008.

Ұзақбаева, С.А. Өміршең өнер өрісі [Мәтін] / С.А. Ұзақбаева. – Алматы: Мектеп, 1993.

Мәлімет редакцияға түсті: 15.12.2016

АХМЕТБЕКОВА, С., ХАМЗИНА, К.Б.

РОЛЬ ПРЕДМЕТА «МУЗЫКА» В НАРОДНОМ ВОСПИТАНИИ

В статье рассказывается о роли народного образования в дисциплине музыки. В настоящее время основная цель художественных учреждений – обсуждение и поиск необходимых видов деятельности для воспитания патриотической чувствительности молодежи с помощью искусства.

Ключевые слова: музыка, искусство, национальное воспитание, чувство патриотизма.

AKHMETBEKOVA, S., HAMZINA, K.B.

THE SUBJECT'S «MUSIC» ROLE OF PUBLIC EDUCATION

The article tells about the role of public education in the music discipline. Currently, the main purpose of art institutions – discussion and search of necessary activities for the education of the youth patriotic sensitivity through art.

Keywords: music, art, national education, a sense of patriotism.